

## 2023 жылға Айыртау ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 8-2-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 7470-15 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қарашадағы № 8-9-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 20.11.2023 № 8-9-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді ораналастыру орындарындағы Айыртау ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемесінің – құны 1 (бір) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының* Г. Абулкаирова  
*төрағасы*